*The article raises the question of the civil liability of the owner of the source of increased danger. The possibility of applying the concepts of "activity that creates increased danger to others" or "source of increased danger" in other branches of law and the main differences in their distinction and for a more complete study of these concepts, the cases of application of "object theory" and "activity theory" that have developed in science are considered.*

*The problematic aspects of the correct application in practice of the norms of legislation regulating issues related to sources of increased danger are raised, including the lack of a conceptual apparatus within the framework of this issue, difficulties in unambiguous understanding of texts in Russian and Kazakh, the lack of a complete list of sources of increased danger.*

*The purpose of the scientific article is to prepare conclusions for further improvement of this issue by scientific analysis of some issues of compensation for damage caused by a source of increased danger.*

*Paragraph 1 of Article 1 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan stipulates that a person and his life, rights and freedoms are the highest value of the country, that the harm caused to these values, in fact, is never fully compensated, including the issue of liability arising from innocence in civil law, that is, causing harm by a source of increased danger, testifies to the scientific relevance of this topic.*

***Key words:*** *a source of increased danger; an activity that poses an increased danger to others; the owner of the source of increased danger; harm; object; responsibility.*

DOI: 10.52026/2788-5291_2022_71_4_283

## Кіріспе

Жоғары қауіптілік көзінің түсінігі 1963 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақ КСР Азаматтық Кодексінде бір ғана сөйлеммен шектелген болатын: «Қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты ұйымдар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, автокөлік иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан келтірілгенін дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті»[1].

Бүгінгі таңдағы әрекеттегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – ҚР АК) үңілетін болсақ, бір ғана 931-баппен және сол Қазақ КСР Азаматтық Кодексінде қалыптасқан нұсқада өзгеріссіз көрініс тапқан: қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Заңнама нормасынан тікелей көретініміз жоғары қауіптілік көздерінің толық тізбесі көрсетілмеген, 1963 жылғы тізім қандай болса, елу тоғыз жыл өткендегі тізім дәл солай, өзгермеген қалыпта, сондықтан соттар істі қарастыру барысында қызмет үрдісінде пайдаланылатын заттардың немесе өзге де объектілердің ерекше қасиеттерін ескеріп, ҚР АК 931-бабында көзделмеген басқа да қызметтерді жоғары қауіптілік көзі деп тануы мүмкін.

Зиян келтіру салдарынан туындайтын жалпы жауапкершілікке қарағанда жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілген зиян үшін жауаптылық қатаңырақ, себебі жәбірленушінің теріс пиғылы немесе дүлей күш қана жауапкершілікті болғызбайды. Айтылғандардан байқайтынымыз, жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілген зиянды өтеу міндеті туындау үшін сәйкес қызметтегі зиян келтіру фактісі мен мұндай қызмет пен орын алған нәтиже арасындағы себепті байланыстың болуы жеткілікті. Жауапкершіліктің туындауы үшін кінәнің болуы талап етілмейді [1].

## Материалдар мен әдістер

Азаматтық құқықтағы жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілген зиянды өтеу мәселелерін қарастыру барысында ғылыми танымның келесі әдістерін: тарихи-құқықтық, формальды-құқықтық, ғылыми талдау әдістері қолданыла отырып, жан-жақты кешенді зерттеу жүргізілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының және шет елдердің азаматтық құқық саласындағы құқықтық актілері мен осы саладағы шетелдік және отандық авторлардың ғылыми еңбектеріне зерттеу жүргізілді.

## Талқылау және оның нәтижелері

Соңғы жылдардың тәжірибесі көрсеткендей зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелерге жататын жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілген зиян аясында шешімін таппаған біршама мәселелер бар. Бұл біріншіден отандық заңнамада жоғары қауіптілік көзінің анықтамасының жоқтығы, азаматтық құқық бойынша барлық оқу және ғылыми әдебиеттерде бұл түсініктің әрдайым пікірталас туғызатыны, азаматтық заңнаманың орыс және қазақ тіліндегі нұсқаларындағы бірізділіктің жоқтығы секілді мәселелер деп білеміз.

Тақырыптың шеңбері тар болғанымен, қолданылу аясы өте кең және сан қырлы. Әрбір адам күнделікті өмір барысында толық бақылауға жатпайтын заттармен бетпе-бет кездеседі (мыс., автокөлік), өмірі мен денсаулығы үшін жоғары қауіптілігі бар қызмет салаларында еңбек етеді (мыс., өндіріс орындары).

«Жоғары қауіптілік көзі» терминінің өзі ҚР АК-де «жоғары қауіптілік көзі» деп кездессе, «Республика соттарының денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 9 Нормативтік қаулысында (бұдан әрі – Нормативтік қаулы) «қатерлі орын туғызушы» сөзі қолданылады, бұл олқылық құқық қолданушыларды бұл институтты талқылау кезінде екі ойлы пікірде қалдырып, бұл сала сұрақтарын түсінуде қиындықтар туғызады.

ҚР АК 931-бабының атауы «Айналасындағыларға жоғары қауіп туғызатын қызмет

[1] *Гражданский Кодекс Казахской ССР от 28 декабря 1963 года // URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K630001000_(жүгінген күн: 26.09.2022 ж.).*

(жоғары қауіптілік көздері) арқылы келтірілген зиян үшін жауапкершілік» деп аталады.

«Жоғары қауіптілік көздері» мен «айналасындағыларға жоғарғы қауіп туғызатын қызмет» терминдерін заңнама бұлай қарастырғанмен, біздің ойымызша, бұл терминдер бір-біріне барабар сөздер емес.

Қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті[2].

Бұл ережеде заң шығарушы жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілген зиян үшін жауапкершілік жүктелетін тұлғаны айқындайды, яғни жоғары қауіптілік көзінің иеленушісі ретінде көрсетеді.

Жоғары қауіптілік көзін пайдалануды меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы, оралымды басқару құқығы ретінде немесе басқа да негіздер бойынша (жалға алу келісімі бойынша, көлік құралын жүргізу туралы сенімхат бойынша, құзыретті органның жоғары қауіптілік көзін тапсыру туралы өкімі бойынша) иелену негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаны немесе азаматты жоғары қауіптілік көзінің иесі деп тану керектігі Нормативтік қаулыда көрсетілген.

Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, жоғары қауіптілік көзінің иеленушісін ұғыну үшін үш көзқарасты бөліп көрсетсек болады. Бірінші көзқарас бойынша, қандай да бір құқықтық негіз арқылы жоғары қауіптілік көзінің эксплуатациясын жүзеге асыратын тұлға иеленуші болып табылады.

Екінші көзқарас бойынша иеленуші ретінде қандай да бір құқықтық негіз арқылы жоғары қауіптілік көзін иеленетін тұлға болады.

Соңғы, үшінші көзқарас бойынша жоғары қауіптілік көзінің иеленушісін ұғынуды оны пайдаланудың қандай да бір құқықтық негіздің күші арқылы жүзеге асыруға әкеліп саяды.

Заттың эксплуатациясын жүзеге асыру – затты иелену немесе оны пайдаланумен барабар емес [2, 134-б.].

Сот тәжірибесіндегі ең жиі кездесетін мысал жоғары қауіптілік көзінің әрекеті – автокөліктің қозғалысына тоқталайық. Егер қозғалыс әрекеттің мысалы болса, онда автокөлік тікелей жоғары қауіптілік көзі болып табылуы тиіс. Алайда автокөлік қызмет емес, азаматтық құқықтың объектісі болып табылады. Сондықтан жоғары қауіптілік көзі болып автокөлік емес, оның эксплуатациясы (жүзеге асырылуы) табылады. Яғни, мұндай көздің әрекеті эксплуатацияланатын автокөліктің қозғалысы, яғни ол жүргізушінің басқаруындағы жұмыс жасайтын автокөліктің қозғалысымен де, оның өздігінен қозғалуымен де шартталуы мүмкін.

Ресей Федерациясының заңнамасына сай бір орында қозғалыссыз тұрған автокөліктің есігін жолаушының ашуы арқылы өтіп бара жатқан жаяу жүргіншіге келтірілген зиян жалпы негіздер бойынша өтеледі[3]. Бұдан шығатын қорытынды автокөліктің есігін ашу (жабу) автокөліктің эксплуатациясы ұғымына кірмейді. Зиян тек қозғалыстағы автокөлікпен ғана емес, жұмыс жасап тұрған қозғалтқышы бар, бір орында тұрған автокөліктен шығарылған пайдаланылған газдар арқылы да келтірілуі мүмкін. Бұл жағдайда адамның пайдаланылған газдармен улануын автокөлікті эксплуатациялау нәтижесінде келтірілген зиян ретінде қарастыра аламыз ба, әлде біздің алдымызда эксплуатацияланған автокөлікпен емес, жоғары қауіптілік көзі - жұмыс жасап тұрған қозғалтқыш (механизм) арқылы зиян келтіру орын алып тұр ма?

Зиян бензиннің жануы салдарынан келтірілсе ше? Бұл жағдайда да автокөліктің есігінің ашылуы сияқты ҚР АК 931-бабын қолдана аламыз ба?

Бұған біздің заңнамамыздағы жоғары қауіптілік көзінен келтірілген зиян сұрақтарын түсіндіретін Нормативтік қаулы жауап беріп, қатерлі орын туғызушылардың қимылынан келтірілген зиян үшін оларды арнайы мақсатпен пайдалану кезінде және зиянды сипаттарының өзінен-өзі пайда болуы кезінде де жауапкершілік туындайтынын (мысалы, автокөліктің өзінен-өзі жүріп кетуі салдарынан келтірілген зиян)[4] түсіндіреді.

[2] *Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Кодексі // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_ (жүгінген күн: 26.09.2022 ж.).*

[3] *Постановление Пленума Верховного Суда Российской Федерации от 26 января 2010 г. № 1 «О применении судами гражданского законодательства, регулирующего отношения по обязательствам вследствие причинения вреда жизни или здоровью гражданина» // URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_96790/ (жүгінген күн: 26.09.2022 ж.).*

[4] *«Республика соттарының денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 9 Нормативтік қаулысы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P99000009S_(жүгінген күн: 26.09.2022 ж.).*

Құқық субъектілерінің қызметі мен жоғары қауіптілік көзі арасындағы байланысты анықтағанда бір субъектінің қызметінің шеңберінде бірнеше жоғары қауіптілік көзі туындауы мүмкін. Құрылыс салу жұмыстарымен айналысатын ұйым бірнеше объектіде құрылыс жүргізуі мүмкін, олардың әрқайсысы жоғары қауіптілік көзі болып танылады. Оған қоса, бұл ұйым өз жұмыстарын іске асыру үшін бірнеше көлік құралдарын қолданады (жүк аударғыш машина, трактор, кран және т.б.), бұлардың әрқайсысы да жоғары қауіптілік көзі болып келеді [3].

Жүзеге асырылуы адамның оны толық бақылауға алуына келмейтіндіктен зиян келтіретін қатерлі орын туғызатын кез келген әрекеттер, сондай-ақ осындай сипаттағы өндірістік, шаруашылық және басқа да бағыттағы заттар мен өзге объектілерді пайдалану, тасымалдау, сақтау жөніндегі қызмет жоғары қауіптілік көзі болып танылады. Яғни жоғары қауіптілік көзі мәселелерін қарастырудағы «қызмет теориясын» М.М.Агарков, О.С.Иоффе, Б.С.Антимонов қолдаған болатын.

Яғни бұдан шығатын қорытынды, заттар өздігінен жоғары қауіптілік көзі емес. Антимонов Б.С. жоғары қауіптілік көзін кез келген жағдайда әрекет немесе әрекеттердің жиынтығы деп қарастырды, алайда объектінің өзінің мұндай болу мүмкіндігін қарастырмады [4, 48-б.].

«Қызмет теориясына» қарсы «объект теориясы» бар, бұл жерде материалдық нысандағы зат оны пайдалану пайдаланбауына байланыссыз жоғары қауіптілік көзі деп танылуы тиіс. Бұл теорияның жақтаушысы ретінде О.А. Красавчиков «қызмет теориясын» сынай келе, машиналар мен механизмдердің әрекетін физика, химия және өзге де жаратылыстану ғылымдарының заңдарының негізінде тікелей қызмет етуі деп қарастырды, ал адамның қызметі болса әртүрлі әлеуметтік алғышарттармен байланысты, және соңында барлық механизмдер адамның еркіне бағынышты, өйткені олар адам санасы мен қызметінің жемісі [5, 36-б.]. Алайда автор жоғары қауіптілік көзін анықтаған кезде адам қызметінің маңызын жоққа шығармайды, бірақ «зат» түріндегі объектіге көбірек мән береді.

ҚР АК 931-бабына сәйкес жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілген зиянды өтеу міндеті қазіргі азаматтық заңнамаға сай жоғары қауіптілік көзін иеленуші заңды тұлғаға немесе азаматқа жүктеледі. Дегенмен, тікелей зиян келтіруші мен иеленуші бір тұлға ретінде болмай қалатын жағдайлар кездеседі, әрекетті зиян келтіруші жасаса да, жауапкершілік иеленушіге жүктелуі мүмкін. Бұл жерден пайдалануды кім жүзеге асырғанына қарамастан объектінің өзіне деген құқықтардың болуына жауапкершіліктің тәуелді екенін көреміз, сондықтан «объект теориясы» бізге жақынырақ.

Тағы бір мысал, егер жасанды интеллектті жоғары қауіптілік көзі ретінде қарастырсақ, оның иеленушісі, яғни жасанды интеллект кімнің атынан әрекет етті, сол тұлға жауапкершілікке тартылады [6, 386-б.].

Осылайша жоғары қауіптілік көзінің белгілері ретінде: адамның бақылауына толық көнбейтіндігі, айналасындағыларға жоғарғы қауіп туғызудың мүмкіндігі, адам қызметін жүзеге асыру шеңберінде зиян келтіруін келтіреміз. Мұндай белгілерді В.М. Болдинов та ұсынды, алайда ол «обьект теориясының» жақтаушысы ретінде міндетті объект ретінде адам қызметінің аясында зиян келтіру белгісін қарастырмады [7, 189-б.].

Жоғары қауіптілік көзінің біртұтас анықтамасының жоқтығы жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілген зиянның орнын толтыру сұрақтары бойынша бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыруға да кедергі жасауда.

«Жоғары қауіптілік көзі» түсінігінің мазмұнын қарастыру кезінде ҚР АК 931-бабының әрекет ету аясына жататын, оларды жүзеге асыру зиян келтіруге әкеліп соқтыруы мүмкін қызмет түрлерінің тізімі қаншалықты кең екендігі туралы сұрақ туындайтыны даусыз. «Жоғары қауіптілік көзі» терминін заңнама тек азаматтық құқық аясында ғана қолданбайды, бұл термин ҚР қылмыстық кодексінде де кездеседі, атап айтсақ, 204-бап - отпен немесе қауіптілігі жоғары өзге де көздермен абайсыз жұмыс істеу арқылы жасалған не ауыр зардаптарға әкеп соққан немесе аса ірі залал келтірген бөтеннің мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру; 341-бап -үй маңындағы, саяжай мен бау-бақша учаскелеріндегі ағаштар мен бұталардан басқа, орман қорына кіретін және кірмейтін ағаштар мен бұталарды отты немесе өзге де қауіптілігі жоғары көздерді ұқыпсыз қолдану салдарынан жою немесе зақымдау; 462-бап - қару-жарақпен, оқ-дәрілермен, радиоактивті материалдармен, жарылғыш немесе

айналасындағыларға аса қауіп төндіретін өзге де заттармен және нәрселермен жұмыс істеу қағидаларын бұзу[5].

Кейде жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілетін зиян институтының әрекет ету аясына жоғары қауіптілік қызмет арқылы зиян келтірудің табиғатымен ұқсас, алайда өзіндік жеке ерекшеліктерге ие құқық бұзушылықтарды да жатқызып жатады. Бұл жерде қоршаған ортаға зиян келтіру туралы сөз қозғалып тұр. В.В. Абрамов гидротехникалық құрылыстарды жоғары қауіптілік көзі деп анықтап, олардың меншік иелері мен оларды іске асыратын ұйымдарға қоршаған орта мен тұрғындарға келтірген зиян үшін Ресей Федерациясының Азаматтық Кодексінің 1079-бабына сәйкес кінәсіздік жауапкершілік жүктелетіндігі жөнінде қорытындыға келген [8, 129-б.].

Әрине, қоршаған ортаға келтірілген зиян өтелуге жатады. Алайда, біздің ойымызша, бұл жерде жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілген зиянды өтеуден туындайтын міндеттеменің белгілері жоқ. Айналасындағыларға жоғары қауіп туғызатын қызмет арқылы зиян келтіру кезінде нақты бір тұлғаның мүліктік жағдайы немесе азаматтың өмірі мен денсаулығы қозғалады; қоршаған ортаға зиян келтіру кезінде біртұтас алғандағы қоғамның мүддесі ескеріледі. Бұл дегеніміз нақты бір тұлғаның мүлкіне келтірілген (немесе азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген) зиянның орнын толтыру туралы талап қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу туралы талаппен теңбе-тең емес. Химиялық кәсіпорынның улы заттарының ауаға шығарындыларынан нақты бір азаматқа да, ауаның озон қабатына да зиян келтірілуі мүмкін, яғни бұл дегеніміз сәйкес талаптарды қоюға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда бір ғана фактілік әрекет – зиянды заттарды ауаға тастаудың орын алғанына қарамастан, азаматтың денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру және ауаның озон қабатының ластануы салдарынан келтірілген зиянды өтеу мақсаты үшін химиялық кәсіпорынның қызметі әр түрлі құқық бұзушылық ретінде саралануы мүмкін: ҚР АК бойынша жоғары қауіптілік көзі арқылы келтіру бойынша сараланса, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі бойынша – қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылық ретінде саралануы мүмкін[6].

ҚР АК 931-бабын дәлме-дәл түсіндіру жоғары қауіптілік көзін ұғынуға да, «айналасындағыларға жоғары қауіп туғызатын қызмет» және «жоғары қауіптілік көзі» ұғымдарының арақатынасына да заң шығарушының әр түрлі көзқарасы туралы қорытындыға келуге болады, бұл құқықтық әдебиеттерде де бірнеше рет талқыланған. Неге екені белгісіз, бұл факт жоғары қауіптілік көзі ретінде материалдық объектілерді емес, қызметті қарастыратын сот тәжірибесі сияқты М.А. Рожкованың да назарынан тыс қалған. Соңында М.А. Рожкова жоғары қауіптілік көзін «адамның бақылауындағы, бірақ оған тән қасиеттерге байланысты толық бақыланбайтын, қоршаған ортаға зиян келтірудің жоғары деңгейіндегі мүмкіндікке ие болатын материалдық объект» [9, 92-б.] ретінде айқындайды.

Ары қарай М.А. Рожкова тастың құлауы мысалын келтіреді, алайда біздің ойымызша өзі келтірген жоғары қауіптілік көзі құрылымына еш сәйкес келмейді: егер мұндай жағдай көшкіннің салдарынан туындаса бұл құбылыспен келтірілген зиян кездейсоқ, яғни бой бермейтін күштің әсерінен туындаған деп қарастырылады; егер тастың құлауы кәсіпорынның пайдалы қазбаларды өндіру мақсатында жарылыс жұмыстарын жүргізу себептерінен пайда болса, онда келтірілген зиян жоғары қауіптілік көзін пайдалану нәтижесінде келтірілген зиян ретінде қарастырылуы тиіс [9, 92-б.]. Дегенмен де тастың құлауы кезінде зиянды жарылғыш заттар емес, тастар келтіреді, демек, «қоршаған ортаға зиян келтірудің жоғары деңгейіндегі мүмкіндікке ие болатын материалдық объект» құрылымы ұсынылған жағдайға байланысты әрекет ете алмайды.

ҚР АК 931-бабы жоғары қауіптілік көзі ретінде «қызмет» пен «объектіні» ғана танып, осылайша оның үшінші белгісі – өзіне тән арнайы қасиетті ескермейді. Объектінің қасиеттері пайда (оны пайдаланудың бақыланған үрдісі барысында) немесе зиян (оған бақылау жүргізуді жоғалтқан жағдайда) әкелуі мүмкін. Біздің ойымызша, «қызмет» және «заттың қасиеті» объектіні сипаттағандықтан және онсыз бар бола алмайтындықтан, онда жоғары қауіптілік көзі ретінде дәл сол объект екендігі айқын.

Адамның қатысуынсыз объект өзінің пайдалы қасиеттерін көрсете алмайды, қауіпті

[5] *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1686 (жүгінген күн: 26.09.2022 ж.).*

[6] *Қазақстан Республикасының экология кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400 (жүгінген күн: 26.09.2022 ж.).*

де бола алмайды. Демек, жоғары қауіптілік көзі ретінде объектіні танып, біз оған тән қасиеттерді де мойындаймыз: пайдалану үрдісінде (қызметте) өз қасиеттерін көрсету мүмкіндігі [10].

**Қорытынды**

Жоғарыда айтылғандардан көретініміз, бұл құбылыстың барлық мәнін көрсететін жоғары қауіптілік көзінің біртұтас анықтамасы қалыптастырылмаған. Біздің ойымызша, жоғары қауіптілік көзі ретіндегі объектінің тікелей өзінің сипатына байланысты болса керек, мысалы, жануарлар адам қызметінен тәуелсіз әрдайым жоғары қауіптілік көзінің дербес объектісі болады, өйткені алғашынан жануарлардың мінез-құлқын толық бақылауда ұстау мүмкін емес.

«Жоғары қауіптілік көзі» категориясы бағалау сипатына ие, ал әр түрлі жағдайды саралау соттың ұстанымынан және судьяның субъективті пікіріне тәуелді, мұның негізіне әрине тараптармен ұсынылған дәлелдемелер де, жоғары қауіптілік көзіне не жататындығы жөніндегі судьяның өзіндік жеке ойы да жатуы мүмкін. Нормативтік қаулының 5-тармағында қалыптастырылған жоғары қауіптілік көзінің белгілеріне қатысты олардың объективті қарастырылуы күмән тудырады: бір судьяға жерде жатқан тырма адамның бақылауына жатпайтындай көрінуі мүмкін, ал келесі судья үшін бірнеше нормативтердің сақталуын талап ететін химиялық зауыттың жұмысы адам тарапынан жан-жақты, қатаң бақылаудың мысалы болуы мүмкін. Сонымен қатар мәні бойынша бұл белгілерді қарастыру нәтижесінде олардың анық еместігі анықталды, бұл дегеніміз оларды мақсат бойынша нақты қолдану мүмкін емес.

Қорытындылай келе, біздің ойымызша, тақырып аясында орын алған бірнеше мәселелерді талқылап, мынадай байламға келдік:

әрекеттегі заңнамаға «айналасындағыларға жоғары қауіп туғызатын қызмет» және «жоғары қауіптілік көзі» терминдерінің анықтамасын енгізу қажет;

құқық қолданушылардың бұл институтты қолдану барысындағы біріздiлікті қалыптастыру үшін жоғары қауіптілік көздерінің тізбесін заман талабына сай барынша кеңейту керек;

Нормативтік қаулының 5-9 және 19-тармақтарындағы «қатерлі орын туғызушы» сөздерін «жоғары қауіптілік көзі» терминіне алмастыру қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР

*1. Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Особенная часть, главы 45-62) (Ответственные редакторы: Сулейменов М.К., Басин Ю.Г.). - [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1024873&pos=258;23#pos=258;23*

*2. Соломин С.К., Соломина Н.Г. Понятие владельца источника повышенной опасности // Закон №10, 2015. – С.132-137.*

*3. Соломин С.К., Соломина Н.Г. К вопросу о понятии источника повышенной опасности. - [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: https://wiselawyer.ru/poleznoe/72417-voprosu-ponyatii-istochnika-povyshennoj-opasnosti*

*4. Антимонов Б.С. Гражданская ответственность за вред, причиненный источником повышенной опасности. / Б.С. Антимонов. – М.: Юриздат, 1952. – 300 с.*

*5. Красавчиков О.А. Возмещение вреда, причиненного источником повышенной опасности. / О.А. Красавчиков. – М.: Изд-во «Юридическая литература», 1996.-200 с.*

*6. Čerka, P., Grigienė, J., & Sirbikytė, G. (2015). Liability for damages caused by artificial intelligence. Computer Law & Security Review, 31(3), 376–389. doi:10.1016/j.clsr.2015.03.008*

*7. Болдинов В.М. Ответственность за причинение вреда источником повышенной опасности. / В.М. Болдинов – СПб.: Изд-во «Юридический центр Пресс», 2002. -372 с.*

*8. Абрамов В.В. Проблемы возмещения вреда, причиненного в результате нарушения законодательства о безопасности гидротехнических сооружений // Научно-практический экономико-правовой журнал «Бизнес, менеджмент и право». 2010. № 10. - С. 126-132.*

*9. Рожкова М.А. Об источнике повышенной опасности // Вестник ВАС РФ. 2002. №. 2. С. 88-100.*

*10. Сагрунян В.М. Источник повышенной опасности: новый подход в его понимании // Право и образование. 2009. № 8. - [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: http://oktiabrsky.blg.sudrf.ru/modules.php?did=13&name=press_dep&op=4.*

## REFERENCES


*1. Kommentarij k Grazhdanskomu kodeksu Respubliki Kazahstan (Osobennaja chast', glavy 45-62) (Otvetstvennye redaktory: Sulejmenov M.K., Basin Ju.G.). - [Jelektrondy resurs]. – Kiru rezhimi: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1024873&pos=258;23#pos=258;23*

*2. Solomin S.K., Solomina N.G. Ponjatie vladel'ca istochnika povyshennoj opasnosti // Zakon №10, 2015. – S.132-137.*

*3. Solomin S.K., Solomina N.G. K voprosu o ponjatii istochnika povyshennoj opasnosti. - [Jelektrondy resurs]. – Kiru rezhimi: https://wiselawyer.ru/poleznoe/72417-voprosu-ponyatii-istochnika-povyshennoj-opasnosti*

*4. Antimonov B.S. Grazhdanskaja otvetstvennost' za vred, prichinennyj istochnikom povyshennoj opasnosti. / B.S. Antimonov. – M.: Jurizdat, 1952. – 300 s.*

*5. Krasavchikov O.A. Vozmeshhenie vreda, prichinennogo istochnikom povyshennoj opasnosti. / O.A. Krasavchikov. – M.: Izd-vo «Juridicheskaja literatura», 1996.-200 s.*

*6. Čerka, P., Grigienė, J., & Sirbikytė, G. (2015). Liability for damages caused by artificial intelligence. Computer Law & Security Review, 31(3), 376–389. doi:10.1016/j.clsr.2015.03.008*

*7. Boldinov V.M. Otvetstvennost' za prichinenie vreda istochnikom povyshennoj opasnosti. / V.M. Boldinov – SPb.: Izd-vo «Juridicheskij centr Press», 2002. -372 s.*

*8. Abramov V.V. Problemy vozmeshhenija vreda, prichinennogo v rezul'tate narushenija zakonodatel'stva o bezopasnosti gidrotehnicheskih sooruzhenij // Nauchno-prakticheskij jekonomiko-pravovoj zhurnal «Biznes, menedzhment i pravo». 2010. № 10. S. 126-132.*

*9. Rozhkova M.A. Ob istochnike povyshennoj opasnosti // Vestnik VAS RF. 2002. №. 2. S. 88-100.*

*10. Sagrunjan V.M. Istochnik povyshennoj opasnosti: novyj podhod v ego ponimanii // Pravo i obrazovanie. 2009. № 8. - [Jelektrondy resurs]. – Kiru rezhimi: http://oktiabrsky.blg.sudrf.ru/modules.php?did=13&name=press_dep&op=4.*